

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

FTAMP 14.07.05

К.О. Оразбаева¹, Захан Жансерик²

¹Доктор (PhD)., қауым.профессор, Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0000-0002-2210-1668> E-mail: guldarhan-771@mail.ru

²Магистрант, Ш. Уалиханов атындағы Көкшетау университеті Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, E-mail: zhanserik.zahan@gmail.com

ҚАЗІРГІ ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА СПОРТТЫ ДАМУ

Мақалада келтірілген материалдар қазіргі жасөспірімдердің физикалық және психофизиологиялық денсаулығын спорт арқылы нығайту және салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында теориялық тұрғыдан қарастырылған. Сонымен қатар ғалымдардың еңбектеріне шолу жасай отырып, қоғам ортасында жасөспірімдердің жетістікке жету жолдарының көптеген мүмкіндіктері бар екендігі айтылған. Жасөспірімдер арасында спортта жетістікке жету үшін психологиялық-педагогикалық жағдай жасау, яғни олардың жағдайларын анықтауға мүмкіндік береді. Демек, озық дәстүрлерін қалпына келтіру жасөспірімдер арасында спортты дамытудың жаңа тиімді тетіктерін іздестіру, әртүрлі ортада жасөспірімдерді дене шынықтыру және сауықтыру іс-шараларына тарту маңызды міндеттер болып отыр. Спорттың жасөспірімдердің тұлғалық және кәсіби өсуіне ықпалы зор, сондықтан да спортқа мемлекет тарапынан барлық деңгейде қолдау көрсетіледі. Осыған байланысты жасөспірімдер арасында спортты дамыту қажеттілігін қарастырудың маңыздылығы арта түседі.

Кілт сөздер: Спорт, жасөспірімдер, спортшы-жаттықтырушы, топтық жұмыс, тұлғалық өсу, қоршаған орта, қоғам, дене шынықтыру.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазіргі жастар белсенді өмір салтын ұстануға ұмытылып, спортқа үлкен көңіл бөлуде. Дегенмен технологияның дамуы мен қоғамдағы өзгерістерге байланысты спорт әлемі де өзгерістерге ұшырауда. Жаңа спорт түрлері пайда болып, әлемнің түкпір-түкпірінен барған сайын жасөспірімдерді көбірек тартуда. Спорт әлеуметтануға арналған алғашқы еңбектер және осы бағыттағы ғылыми қызығушылықтың кейінгі тарихтың бетбұрыс кезеңдерімен - қазіргі қоғамның қалыптасу кезеңдерімен, әлеуметтік-мәдени қозғалыстардың дамуымен байланысты; жасөспірімдер арасында спорттан жетістікке жетуі және дамуы адамзат ортасында маңызды рөл атқарады.

КІРІСПЕ

Спорт жасөспірімдердің өмірінің ажырамас бөлігі. Бүгінгі таңда жасөспірімдер арасында өте танымал спорт түрлері көп, негізінен физикалық жаттығулар, денені шыңдауға және психикалық күшті дамытуға бағытталған әртүрлі ойындар немесе жарыстар түрінде кездеседі. Сонымен қатар денсаулықты нығайтуға және дене қабілеттерін дамытуға бағытталған. Спортпен денені дамытады және көптеген жылдар бойы мінсіз физикалық жағдайды сақтайды.

Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында «Спорт пен дене шынықтыру саласындағы Қазақстанның мемлекеттік саясатының өзіне тән ерекшелігі дәстүрлі түрде бұқаралық спорт, жасөспірімдер спортқа дайындау мен жоғары жетістіктер спорты дамытудың теңгерімді тәсілдерін іске асыру болып табылады» деген болатын [1].

Осыған байланысты жасөспірімдер арасында спорттан жетістікке жетудің психологиялық-педагогикалық жағдайын спорт саласында жасөспірімдерді дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде шұғылдануын қамтуды ұлғайту басым бағыт болып отыр. Жыл сайын спорт түрлерінен спартакиадалар, түрлі турнирлер. Жеке және топтық спорт түрлері бойынша жасөспірімдерде спорттық іс-әрекеттерінің табысты болуының психологиялық-педагогикалық жағдайлары қарастырылған.

Бүгінгі күні жасөспірімдерді спортқа дайындау саласында жұмыс істейтін педагог-психологтардың жұмысына жоғары талаптар қойып отыр.

Жасөспірімдер әсіресе наным-сенімдерге, жағымды мінез-құлқына және отбасылық өмір салтына бейім. Сондықтан отбасы баланы белсенді педагогикалық үдерістерге қатыстырған жөн, сонда олардың алған білімдері жасөспірімдердің тәрбиесіне нақты іс-әрекетте нығая түседі.

Спортты дамыту мәселесі бойынша. Кеңес орталық мемлекеттік органдардың басшылары, Ұлттық Олимпиада комитеті бірлесе отырып, «Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында бұқаралық спорт пен балалар спортын дамытуға ерекше көңіл бөлді. Денсаулықты нығайту үшін дәл осы бағытты дамыту маңызды», - деді. Осыған байланысты Мәдениет және спорт министрлігінің үйлестіруші рөлін заңнамалық тұрғыдан күшейту, спортпен айналысатын азаматтардың үлесін арттыру, бұқаралық спортты қаржыландыру және спорт залдары мен мектептердегі жабдықтар тапшылығын шешу туралы нақты тапсырмалар берілген [2].

Жасөспірімдер спортының дамуы білім беру ұйымдарындағы дене тәрбиесіне тікелей байланысты. Қазақстанда өскелең ұрпақты дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануға тарту мектеп жасына дейінгі жастан басталады. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жалпы дамыту, музыкалық-ритмдік жаттығулар, қимылды ойындар, билер және ойын спортының элементтері бар жаттығуларды қолдану арқылы негізгі қозғалыс дағдыларын (жүру, жүзу, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік) дамыту бойынша мақсатты жұмыс жүргізу делінген – Қазақстан Республикасы 2027 жылға дейінгі дене шынықтыру мен спортты дамыту тұжырымдамасында [3].

Өзектілігі: Жасөспірімдер спортпен айналысуды ерте бастаса, соғұрлым физикалық және психологиялық денсаулыққа пайдасы көп болады. Бұған көптеген факторлар әсер етеді. Қазіргі өмір ырғағы, техникалардың пайда болуы, мектептегі жүктеме, шамадан тыс жұмыс, және т.б. осының барлығы жасөспірімдердің денсаулығын әлсіретеді, сол себептен физикалық белсенділік арқылы дене қозғалысын күшейту маңызды. Бұл деп отырғанымыз бүгінгі күні спорт адам әрекетінің белгілі бір түрі ғана емес, соның ішінде мектептің, ұжымның және жалпы мемлекеттің беделін көтеруге көмектесетін әлеуметтік құбылыс.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазіргі әлемдегі адамдар спортпен айналысуды қосымша нәрсе деп санайды. Жасөспірімдерге тек ақыл-ойды ғана емес, сонымен бірге денені де дамытатын іс-әрекеттің қажеттілігі, өйткені, спорт жасөспірімдер үшін өте маңызды: ол жасөспірімдердің денсаулығын жақсартуға және олардың өміріне әсер етеді. Сондықтан, қазіргі кезде спортты дамытудың алғашқы тенденциясы осылай көрінді - оның бос уақыт, ойын-сауық ретінде пайда болуы. Бұл жерде әңгіме физикалық жақсару туралы емес, тек жағымды және пайдалы ойын-сауық туралы, физикалық белсенділіктің сауықтыру әсері туралы болды.

Жасөспірімдік шақта спортпен шұғылдануға деген қажеттілік кез-келген жастан әлдеқайда жоғары, өйткені адам ағзасы осы уақытта функционалдық өзгерістерге ұшырайды. Осы кезде іргетас қаланады, оған баланың кейінірек қаншалықты күшті және төзімді болатына байланысты.

Жасөспірімдік шақта спортпен шұғылдану кезіндегі спорттың ағзаға тигізетін оң әсерін тізіп көрейік:

- аз ауырады;
- зейіннің артуы;
- күйзеліске төзімді болады;
- өз денесін жақсы түсінеді және басқарады;
- өз эмоцияларын жақсы басқара алады және т.б.

Спорттық іс-әрекет үдерісінде қалыптасатын жасөспірімнің ерік-жігерін көп нәрсеге қол жеткізе алатын мықты тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді [4].

Психолог Ю. Воронина дене шынықтырумен айналысатын жасөспірімдердің негізгі артықшылықтарын атап өткен: «...Жасөспірімдердің өмірінде спорттың маңызы өте зор екенін. Жасөспірім спортпен айналысқанда:

1. *Денсаулықты нығайту.* Жасөспірім дене шынықтырумен айналыса отырып, ең алдымен денсаулығын жақсартады. Оттегі мен қан дененің барлық жүйелері мен мүшелерінде жақсырақ айналады. Дененің барлық бұлшықеттері үнемі жаттығып, мінсіз жұмыс істейді. Ең қарапайым жаттығулар пайдалы болады, өйткені олар бүкіл денені сергітеді. Спортпен шұғылдану жасөспірімнің икемді болуына мүмкіндік береді және бұл өмірдің қазіргі заманғы ырғағында өте маңызды.

2. *Мінез бен ерік-жігерді қалыптастыру.* Спорт жасөспірімнің ерік-жігерін қалыптастырады, оны жақсы жаққа өзгертеді. Ерік дамиды, жеңіске деген ұмтылыс, төзімділік, кедергілерді жеңу, жеңілуден қорықпау. Спорттық іс-әрекет процесінде қалыптасатын ерік-жігер барлық жағымсыз әдеттер мен қасиеттерді жеңе алады, сонымен қатар жасөспірімнің бойынан көп нәрсеге қол жеткізе алатын күшті тұлғаны қалыптастырады.

3. *Өзімізді жетістікке дайындық.* Үлкен жетістікке жеткен атақты адамдардың барлығы дерлік балалық шағында спортпен шұғылданып, күні бүгінге дейін айналысып келе жатқанын ескереміз. Спорт пен жетістік – өзара байланысты ұғымдар. Егер жасөспірім мақсат қойып, соған жетуді үйренгісі келсе, спорт бұған үйретеді. Сонымен қатар, спортпен айналысу, тіпті үміт пен мүмкіндік болмаса да, өмірден қажет нәрсенің бәрін алуға мүмкіндік береді.

4. *Тәртіпке баулу.* Спортпен шұғылданатын жасөспірімдердің зейіні жоғары, тәртіпті болады. Және бұл мектепте және өмірдің басқа салаларында жетістікке жету үшін маңызды қасиеттер. Және олар ересек өмірде міндетті түрде пайдалы болады.

5. *Бос уақытты дұрыс өткізу.* Ата анасы баласын спортқа дағдыландырғандықтан, оның жаман серіктестікке тартылмайтынын және шытырман оқиға іздеп көшеде бос жүргісі келмейді. Жас спортшылардың әдетте достары көп болады, олармен араласқанды ұнататын болады...» [4].

Спорттық қызметтің жетістігі макро әлеуметтік деңгейде қамтамасыз етіледі: мемлекеттік органдардың қарым-қатынасы, басқару жүйесі, қаржыландыру жүйесі.

Микро әлеуметтік деңгейде – «спортшы-жаттықтырушы», «спортшы-команда», «спортшы-спортшы» жүйесіндегі «спортшы-жаттықтырушы» жетекші ұйымдастырушылық рөлімен қарым-қатынастар. Бұл жүйенің психологиялық-педагогикалық әлеуеті спортшы мен ұжымның жетістіктерінің тиімділігін және әлеуметтік кеңістіктегі спортқа деген көзқарасын анықтайды.

Спорттық іс-шараларды шартты түрде үш деңгейге бөлуге болады:

- сауықтыру дене шынықтыру (танертеңгілік жаттығулар, жүйелі дене шынықтыру, денсаулықты нығайту), т.б. сабақтар «өзің үшін»;

- «эуесқойлар деңгейіндегі» чемпионаттар мен жарыстарға қатыса отырып, жеке немесе командалық жаттығулар (спорттық жарыстарға қатысумен жаттығу);
- жоғары жетістіктер спорты, кәсіпқой спорт (адам спортты өзінің кәсіби іс-әрекетіне айналдырады, оның негізгі жұмысы – кәсіби спорт) [5].

Жасөспірімнің спорттық іс-әрекетін тұлғалық өсудің және өзін-өзі анықтаудың екі саласына бөлуге болады:

1. бірінші бағыты негізінен жасөспірімдердің өзін-өзі жүзеге асыруына, өзіндік «Менің» бекітуге бағытталған. Тіпті өз ұжымы, өз сыныбы үшін сөйлегенде ол жалпы жүйенің (команданың) бір бөлігі ретінде емес, жеке жетістіктерге ұмтылатын жеке тұлға ретінде өзіне бағытталған.

2. екінші бағыты жасөспірімнің жеке біріншілігі бұрынғысынша ұжымның мүддесін қорғауды көздейтіндігімен сипатталады, яғни жеке тұлғаның ұжымшылдық қасиеттерін қалыптастыруға мүмкіндіктер бар [6].

Спорт өзін-өзі тану мен жетістікке жетудің көптеген жолдарын ұсынады. Бірақ спортпен айналысу кезінде жасөспірім жоғары нәтижелерге қол жеткізбей, бос уақытын спорт алаңында өткізсе де, бұл өте жақсы. Спортты «сау» хобби деп санауға болады. Иә, спортта жарақат алу қаупі болады. Бірақ спортпен айналысу арқылы жасөспірімнің қылмыстық жағдайға түсу ықтималдығы аз болады және заң бұзу жолына түспейді. Қазіргі қоғамда кәмелетке толмағандар арасындағы қылмысты азайтуға бағытталған мақсатты іс-шараларды жүргізу өте маңызды [7]. Ал жасөспірімді спортқа баулу осыған септігін тигізуі әбден мүмкін.

Спорттық өмірде тағы бір тенденция дамыды - кәсіпқойлық, бұл спорттың шоуға және кәсіпке айналуына байланысты. Спорттық жарыстарға қатысу және жасөспірімдерді тарту материалдық сыйақы, коммерциялық жетістікке жету және белгілі бір әлеуметтік мәртебеге қол жеткізу мүмкіндігі ретінде қарастырыла бастауы. Бокс жекпе-жегі Еуропада да, Америкада да көпшіліктің көбінесе жасөспірімдердің қызығушылығын тудырды. Мұндай жарыстарға қатысушылар сыйақы алды, демек, спорттық мансабы кәсіби болады, сондықтан спорттық іс-шараларды институттандыру басталғанын көрсететін жарыстар өткізіліп, сыйақы, бәйге жасалған ережелерді рәсімдеу, нақты рәсімдер енгізу қажет.

XIX ғасырдың аяғында қазіргі кездегі спорт конституциясын анықтайтын тағы бір бағыт пайда болды - дене тәрбиесін мектеп бағдарламасына енгізу. Бастапқыда мұндай реформа Англияда, содан кейін реформалар АҚШ, Франция және басқа елдердің мектептерінде сол бағытта жүргізілді. Дене тәрбиесінің ұлттық жүйелері жалпы халықты дене шынықтыру құндылықтарымен таныстыруда маңызды рөл атқарды.

Бұл дегеніміз XIX ғасырдың ортасы - екінші жартысында Батыстың дамыған елдеріндегі экономикалық қалпына келтіру дене шынықтыру саласына айтарлықтай әсер етті [8].

Осы жағдайлардың барлығы спорттың әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде пайда болуына алып келді және оның қазіргі саралануын алдын-ала анықтады. Социологтардың спортқа алғашқы қызығушылығы оны қазіргі қоғамның басқа элементтері сияқты рефлексияға ұшырайтын органикалық бөлігі ретінде қарастыруымен анықталды.

Қазіргі заманғы дене шынықтыру және спорт түрлерінің көпшілігі еңбек әрекетінде жатыр. Дене жаттығуларының пайда болуының объективті биологиялық алғышарты - қозғалыс белсенділігі - бұл адамның табиғи қажеттілігі [9].

«Спорт және жастар», «спорт және қоғам», «спорт және прогресс», «спорт және гуманизм», «спорт және тұлғаны жан-жақты дамыту», «спорт және бос уақытты ұйымдастыру» әлеуметтік мәселелерді отандық ғалымдар белсенді түрде дамытуда.

Жасөспірімдерге ертеден келе жатқан қазақтың ұлттық спорт түрлерін мен дене тәрбиесі және ұлттық ат спортынан, кейбір үстел және қимыл-қозғалыс, ойындарының көбі табиғи заттардан жасалғандығы туралы жеткізу. Мысалы: Асық.

Асық ату - ертеден келе жатқан қазақтың ұлттық ойындарының бірі. Ұлттық ойындар көбінесе әр халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, шаруашылық мүмкіншіліктеріне байланысты қалыптасқан [10].

Сонымен, ғылыми әдебиеттерде жалпыға бірдей қабылданған дене шынықтыру ұғымы жоқ. Кең мағынада оны денсаулықты сақтау мен нығайтуға, саналы қозғалыс әрекеті үдерісінде адамның психофизиологиялық қабілеттерін дамытуға бағытталған әлеуметтік қызмет саласы ретінде анықтауға болады.

Отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерде «дене шынықтыру» және «спорт» туралы әртүрлі түсінік бар екенін ескеру қажет. Егер отандық зерттеушілер осы екі тұжырымдаманы қолданса, сол арқылы неғұрлым нәзік ғылыми құралдармен жұмыс істей алса, онда батыс ғалымдары бұл ұғымдарды бір-бірінен ажыратпайды, тек спорттың «бәсекеге қабілетті» немесе «бәсекесіз» сипатына назар аударады.

Л.П. Матвеев «спорт» ұғымын (кең мағынада) спортпен байланысты құбылыстардың бүкіл кешені үшін пайдалануды ұсынады: нақты бәсекелестік қызмет, оған арнайы дайындық, сондай-ақ дамытын адамгершілік қатынастар мен мінез-құлық нормалары осы қызметке негізделген [11].

Спорттың дамуы, оның ішінде маңызды спорттық жетістіктер мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық ілгерілеуіне де байланысты. Мемлекет спорт саласына тиісті деңгейде қолдау көрсетсе, спортшылар да тиісті дәрежеде дайындалып, соның арқасында жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізе алады. Сондықтан, жасөспірімдер арасында спортты бүгінгі Қазақстан қоғамын алға жетелеу және ұлттық стратегиялық мүдделерге жету үшін ауадай қажет [12].

Спорт мәселелерін дамытатын ғалымдар қазіргі заманғы спорттың күрделі құрылымына назар аударып, оның типологиясына әртүрлі тәсілдер мен көзқарастармен келуде.

Спортты талдаудың ұйымдық тәсілі спорттың ішкі жүйесін, оның құрылымы мен қызмет етуін қарастыруға мүмкіндік береді; спорттың сыртқы жүйесі оның ұйымдық байланыстар арқылы, сондай-ақ осы әлеуметтік институттың қызмет ету үдерісінде туындайтын әлеуметтік салдар болып табылады [13].

Біздің ойымызша, әр түрлі спорт түрлерінің басты бағалау мен типологиясы - бұл жұмыс істеу мақсаты және арнайы әлеуметтік институт ретінде әр спорт түрімен қанағаттандырылатын негізгі қажеттілік.

Жоғары жетістіктер спорты - бұл өзін-өзі растауға бағытталған ашық спорттық жарыстар барысында адамның физикалық резервтерін анықтайтын және дамытатын мекеме, өзін-өзі жетілдіру, сонымен қатар елдің беделін арттыру.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе, бүгінгі жасөспірімдер арасында спорттың негізгі ерекшеліктерін индустриалды қоғамның құбылысы ретінде сипаттадық, қазіргі дифференциацияны даму тенденциялары, жалпы әлеуметтану шеңберінде орта деңгей теориясы ретінде жасөспірімдердің қарым-қатынасында спорттық іс-әрекеттердің әртүрлі нұсқаларына байланысты күрделі жағдайлар туындайды. Бір жағынан, спорттық іс-әрекет спортшының жеке шеберлігімен байланысты болса, екінші жағынан спорттық жаттығулардың көптеген түрлері ұжымдық формалар мен мақсаттармен - ұжым намысы үшін күресумен байланысты. Спорттық іс-әрекет шыдамдылық, күш-қуат, қозғалыс ептілігі ғана емес, сонымен бірге табандылық, жауапкершілік, ұжымшылдық, жігерлік сияқты ең маңызды жеке қасиеттерді дамытады. Дәл осы қасиеттерді меңгеру жасөспірімдік кезеңде спорттық белсенділіктің маңыздылығын өзекті етеді. Бірақ қалаған өмір деңгейіне өз күш-жігеріңіз арқылы ғана жетудің жолы бар - бұл спорт. Еңбекқор, дайын, талантты және өршіл адамдар үшін бұл шешім ең тиімді жолы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. 2-ші қыркүйекте 2024 жыл. ҚР Парламент палаталарының бірлескен отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтің халқына Жолдауы. Zakon.kz. <https://kaz.zakon.kz/kogam-tynysy/6048484-asymzhomart-toaevty-azastan-khalyna-zholdauy--2024-toly-mtn.html>
2. ҚР-ның дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025-ға дейінгі тұжырымдамасы 2016 жылғы 11-ші қаңтардағы №168 Жарлығы.
3.3da2e3bee43a5925d9d2949c2608a60d_original
4. Воронина Ю.А. «Влияние спорта на подростков» [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://paidagogos.com/?p=7780#hcq=uctMBHp>
5. Щепотьев, А. В. Спорт как инструмент развития личности подростка / А.В. Щепотьев, Е. Д. Лукьянова. — Текст : непосредственный // Школьная педагогика. 2018. -№ 3 (13). - С. 11-15. - URL: <https://moluch.ru/th/2/archive/104/3645/> (дата обращения: 05.09.2024).
6. Б. И. Сарсенбаева. «Психологические особенности отношения подростков к спортивной деятельности» // Журнал «Вопросы психологии», 1980–1998г.г., С124–126, <http://voppsy.ru/issues/1981/814/814124.htm>
7. Воронцова Н. В., Миненко К.С., Щепотьев А.В. Детерминанты преступного поведения несовершеннолетних // Педагогика высшей школы. - 2017. -№ 1., с. 7–9.
8. Сутула В.А. Предпосылки физкультурологии. // Педагогика, психология и медико-биологические проблемы физического воспитания и спорта. - 2000. -№1. С. 47-48.
9. Кун Л. Всеобщая история физической культуры и спорта: пер. с венг. /Л. Кун; под общ. ред. В.В. Столбова; М.: Радуга, 1982. С.25-26.
10. <http://ulttyqsport.kz/?p=142>
11. Матвеев Л. П. Теория и методика физической культуры. / Л.П.Матвеев. – Москва: Физкультура и спорт: Спорт Академ Пресс, - 2008. - 542с.
12. Құлназаров.А. Қазақстан спорты және бұқаралық дене тәрбиесіндегі ұлттық ойындар орны, 22.01.2008.
13. Комаров М.С. О понятии социального института. // Введение в социологию. - М., 1994. С. 79-81.

REFERENCES

1. Address of the Head of State Kassym-Jomart Tokayev to the people at the joint session of the Parliament of the Republic of Kazakhstan on September 2, 2024. Zakon.kz <https://kaz.zakon.kz/kogam-tynysy/6048484-asymzhomart-toaevty-azastan-khalyna-zholdauy--2024-toly-mtn.html>
2. Concept of the development of physical education and sports of the Republic of Kazakhstan until 2025 Decree No. 168 of January 11, 2016.
3.3da2e3bee43a5925d9d2949c2608a60d_original.138267
4. Voronina Yu.A. “The influence of sports on adolescents” [Electronic resource]. – Access mode: <http://paidagogos.com/?p=7780#hcq=uctMBHp>
5. Shchepotev, A. V. Sport as a tool for developing a teenager’s personality / A. V. Shchepotev, E. D. Lukyanova. - Text: direct // School pedagogy. 2018. - No. 3 (13). - P. 11-15. - URL: <https://moluch.ru/th/2/archive/104/3645/> (date accessed: 09/05/2024).
6. Б. И. Sarsenbayeva. “Psychological characteristics of adolescents’ attitudes towards sports activities” // Journal “Questions of Psychology”, 1980–1998, p. 124-126 <http://voppsy.ru/issues/1981/814/814124.htm>
7. Vorontsova N.V., Minenko K.S., Shchepotyevev A.V. Determinants of criminal behavior of minors // Pedagogy of Higher School. - 2017. -№ 1., p. 7-9
- 8.

- 8.V.A. Sutula Prerequisites of physical culture. // Pedagogy, psychology and medical-biological problems of physical education and sports. -2000. - №1. P. 47-48.
- 9.Kun L. General history of physical culture and sports: per. from Hung. / L. Kun; under common edit VV Stolbov M.: Rainbow, 1982. P.25-26.
- 10.<http://ulttyqsport.kz/?p=142>
- 11.Matveev L.P. Theory and methodology of physical culture. / L.P.Matveev. – Moscow: Physical education and sports: Sport Academ Press, - 2008. - 542 p.
12. Kulnazarov.A. The place of national games in Kazakhstan sports and mass physical education, 22.01.2008.
13. Комаров М.С. On the concept of a social institution. // Introduction to Sociology. Moscow, 1994. P. 79-81

Развитие спорта среды современной подростков

Оразбаева О.К.¹, Захан Жансерик²

¹Доктор (PhD)., ассоциир.профессор Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

²Магистрант кафедры «Педагогика и психология» Кокшетауский университет им. Ш. Уалиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

Материалы, представленные в данной статье, теоретически рассматриваются в целях укрепления физического и психофизиологического здоровья современных подростков посредством занятий спортом, формирования здорового образа жизни. В то же время, рассматривая работы ученых, говорится, что у подростков есть множество способов добиться успеха в обществе. Создание психолого-педагогических условий достижения успеха в спорте среди подростков, то есть позволяет определить их состояние. Поэтому важными задачами являются восстановление передовых традиций, поиск новых эффективных механизмов развития спорта среди подростков, привлечение подростков к физкультурно-оздоровительной деятельности в различных условиях. Спорт оказывает огромное влияние на личностный и профессиональный рост подростков, в связи с чем спорт поддерживается государством на всех уровнях. В связи с этим возрастает важность рассмотрения необходимости развития спорта среди подростков.

Ключевые слова: Спорт, подросток, спортсмен-тренер, командная работа, личностный рост, окружающая среда, общество, физическое воспитание.

Development of sports environment for modern teenagers

Orazbayeva K.O¹, Zahan Zhanserik²

¹Doctor (PhD), Professor Sh.Ualikhanov Kokshetau state university, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

²Master student of the department "Pedagogy and Psychology" Sh.Ualikhanov Kokshetau state university, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

The materials presented in this article are theoretically considered in order to strengthen the physical and psychophysiological health of modern adolescents through sports and the formation of a healthy lifestyle. At the same time, considering the work of scientists, it is said that teenagers have many ways to achieve success in society. Creating psychological and pedagogical conditions for achieving success in sports among teenagers, that is, allows us to determine their condition. Therefore, important tasks are the restoration of advanced traditions, the search for new effective mechanisms for the development of sports among adolescents, and the involvement of adolescents in physical education and recreational activities in various conditions. Sport has a huge impact on the personal and professional growth of adolescents, and therefore sport is supported by the state at all levels. In this regard, the importance of considering the need to develop sports among adolescents increases.

Keywords: Sports, adolescents, athlete-coach, teamwork, personal growth, environment, society, physical education.

МРНТИ 14.25.09

Ж. Т.Мынбаева

магистр естественных наук, учитель химии и естествознания КГУ «Основная средняя школа села Отрадное отдела образования по Жаркаинскому району управления образования Акмолинской области», 021113 Акмолинская область Жаркаинский район с.Отрадное, Республика Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-7830-275X>, zhanar_mynbayeva@mail.ru

ЭКОЛОГИЯ И STEAM-МЕТОДЫ В ШКОЛЕ: ИНТЕГРАЦИЯ ДЛЯ УСТОЙЧИВОГО БУДУЩЕГО

Современное экологическое образование требует использования инновационных подходов для вовлечения учащихся в изучение окружающей среды и формирования экологической ответственности. Внедрение STEAM-методов (наука, технологии, инженерия, искусство и математика) в школьное обучение по экологии способствует развитию критического мышления, навыков решения проблем и творческих способностей. В статье обсуждаются преимущества использования STEAM-методов в преподавании экологии, приводятся примеры их применения в школьной практике, а также рассматриваются результаты внедрения данных методов на уроках экологии. Данная статья посвящена исследованию интеграции экологического образования и STEAM-методов в школьной программе. Анализируются преимущества междисциплинарного подхода к экологическим проблемам, рассматриваются конкретные примеры STEAM-проектов, направленных на формирование экологической грамотности у школьников. В статье подчеркивается важность развития у учащихся навыков критического мышления, творческого решения проблем и сотрудничества в контексте экологических вызовов современности. Приводятся примеры научных проектов, в рамках которых были исследованы региональные, экологические проблемы и тезисно приведены описания работ, которые имеют практическое применение.

Ключевые слова: экология, STEAM-образование, междисциплинарный подход, экологическая грамотность, школьное образование, устойчивое развитие, проекты, инновации.

ОСНОВНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ

STEAM-методы способствуют глубокому пониманию экологических процессов и взаимосвязей в природе.

Интеграция науки, технологии, инженерии, искусства и математики в экологическое образование повышает мотивацию учащихся.

STEAM-проекты развивают у школьников навыки решения реальных экологических проблем.

Экологическое образование, основанное на STEAM-методах, формирует у учащихся ценностные ориентации, направленные на сохранение окружающей среды.

ВВЕДЕНИЕ

Современные экологические проблемы требуют комплексного подхода, который выходит за рамки традиционных дисциплин. STEAM-образование, объединяющее науку,